

БАЛАЛАРГА АРНАЛҒАН ЖУРНАЛ

# Баладан әлемі

№3  
2025 жыл

Бал-балалық, балдырған шақ

3+

# Балапан

әлемі

БАЛАЛарға арналған журнал

ЖУРНАЛ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОГАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРАЛІГІ  
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТИНІҢ  
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША  
ШЫГАРЫЛАДЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ҚҰРАМЫ:

Асан Эльмира Арысланқызы  
Редакциялық алқа төрагасы  
Мұқан Гүлфариза Мелдешқызы  
Редакциялық алқа хатшысы  
Атанаbek Наурыз  
Ақын, жазушы  
Ашықбаев Ертай Ахатұлы  
Ақын, жазушы, журналист

Бас редактор  
Айнагұл Танатова  
Редактор орынбасары  
Айша Бибі Нұрлыхай  
Корректор  
Айнұр Ажикеева  
Психолог  
Айсұлу Қаламбаева  
Меникісті тілші  
Әсель Амандақова  
Суретші-дизайнер  
Дінмұхамед Тұрғанбай  
Наэгүл Нұралыхан

Журнал Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркелип,  
24.04.2009 жылы №10074-Ж  
тіркеу туралы күәлігі берілген.

Шыгарушы:  
«Айша-Бибі – Сланды ана» ЖШС  
Редакция мекенжайы:  
160000, Шымкент қаласы,  
Ф.Орманов көшесі, 15/2-үй.  
Тел.: 8 778 658 09 21  
e-mail: Saha\_0001@mail.ru

Журнал  
«South-print corporation» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
Шымкент қаласы,  
Қапал батыр көшесі, 19 участок.

Басуга қол қойылған күн 15.07.2025ж.  
Қалпы 60x84 1/8. Қағазы оффсеттік.  
Шартты баспа табагы - 4.  
Таралымы 2000 дана.  
Тапсырыс №



## Мағниты

4

### Тілашар

6

### Халық ертегісі

8  
—  
9

### Ұлттық таным

13

### Шарадалар

17

### Әдептілік әліппесі

22

### Фибратты әңгіме

27

### Боямақ

30  
—  
31

### Энші Балапан

34

### Шебер қолдар

Тұлдана Исаева –  
Қазақстан Журналистер  
одағының мүшесі, жас ақын.




ЖЫР САНДЫҚ



## Жаттан алдым сағатты

Тәтті үйқыдан айқайлас,  
Қораз тағы ояты.  
Бару керек бақшаға,  
Демек, тағы таң атты.

Күнде осылай маза жоқ,  
Өз тілімен уақытты  
Құйған сайын санама,  
Жаттап алдым сағатты.



## Күлышак,

Желбіреген тұлымшак,  
Кіп-кішкентай құлышашақ.  
Шауып жүріп байқамай,  
Әр нәрсеге ұрыншақ.

Енесінің қасында  
Еркелеп-ақ жүргені.  
Байқаусызыда үріксе,  
Қызық құлақ түргені.

## Қауын



Биыл біздің ауылда  
Жиі жауып жауын да.  
Неше түрлі қауындар  
Өсті бақша-бауында.

Болса бірі торлама,  
Бірі сары әңгелек.  
Жесең тілді үйірер,  
Тәттілігі керемет.



# Тілашар

Бір буынды сөздерді оқып,  
алақаныңды бір рет соқ.




чүй



шаш



ғон



нан


Ал мына сөздерді оқығанда, алақаныңды  
неше рет соғасың? Неге?



тө-рек



сыр-за



ұс-төл




са-бын



най-за-зай



тө-ре-зе



ша-за-ла

Б  
у  
ж  
З  
Ф  
С  
Г  
С  
К  
П  
Ю  
а

Ч

ш

и

т

Р

Н

ә

О


Л

Х

С

ы

Есептің шешімін тап.



Зоосаябақта төрт  
қоян жүр, оған тағы  
екі қоян келіп қосылды.  
Саябақта барлығы неше  
қоян болды?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	=	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------	---	----------------------



## Мен - зерек баламын

Ыңдаста бес алма және  
үш алмұрт тұр.  
Ыңдаста барлығы неше  
жеміс тұр?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	=	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------	---	----------------------

Аян мен Эсияның он бір  
қарындаши бар еді,  
оның ушеуін сындырып алды.  
Енді Аян мен Эсияда  
барлығы неше  
қарындаш қалды?

<input type="text"/>	<input type="text"/>	<input type="text"/>	=	<input type="text"/>
----------------------	----------------------	----------------------	---	----------------------



халық ертесінің

# ЖҰЗІМ ЖЕГІСІ КЕЛГЕН ҚАСҚЫР

Тұлкі бір күні жұзімге тойып алып,  
баудан шығып келе жатады.

Оны көрген қасқыр:

– Жұзімді қайдан жедің? Айтшы мен де  
жейін, айтпасаң өзінді жайратамын! – дейді  
ырылдал.

– Ойбай, қасқыр, әміріңе құлдық, – дейді тұлкі  
жылмында.

– Сенен несін жасырайын, анау баудың ішінде жұзім деген жайқалып, толып  
тұр. Жүріңіз, ертіп алып барайын.

Тұлкі соны айтады да, қасқырды ертіп апарып, өзінің ұрланып кіріп жүрген  
үйреншікті тесігінен бауға кіргізіп жібереді.

Қасқыр таңсық болған жұзіміне әбден тойып, баудан қайта  
шығайын десе әлгі тесіктен өте алмай, кептеліп қалады.

Мұны көрген тұлкі:

– Қасқыр, тым көрсекзызар екенсің. Артын  
ойламағанға сол керек, – деп кері бұрылышп, қашып  
кетеді.

Ал сол сәтте бауға су салып  
жүрген қожайын тесікте кептеліп  
жатқан қасқырды көріп,  
қармағына түсіріп  
алады.



**КІМ  
ЖЫЛДАМ?**



Бұл ойынды балалар аулада, спорт залында, бөлмеде ойнай береді. Ойыншылар ойынға екі-екіден қатысады. Ортаға шыққан екі ойыншы бір-біріне арқасын беріп, екі жаққа қарап тұрады. Аяқтарының арасын иықтарының деңгейімен бірдей етіп ұстайды.

Содан соң ойын жүргізуіші екеуінің аяғының арасына ұзыннан-ұзак белбеу тастайды да, «бір, екі, үш» деп санайды. Үш дегенде кім еңкейіп белбеуді бұрын алса, сол жеңімпаз болады. Бұл баланың өз денесін еркін менгеріп, тез қимылдауының нәтижесінде жүзеге асады. Келесі ойынға басқа ойыншылар шығады. Ойын жалғаса береді. Екінші кезекте әр жұптың жеңімпаздарымен арадағы жарыс болады. Ең сонында жеңген екі ойыншы қалады. Сол екеуінің қайсысы жеңіп шықса, сол жеңімпаз атанады.



# ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Қазақ халқында баланың әрбір қадамы қуаныш пен ырымға толы. Баланың алғаш тәй-тәй басқанынан бастап, оқуга барғанға дейін ата-бабамыз оған арнап түрлі тоймерекелер өткізген. Тұсаукесер мен тілашар – сондай жүрекке жылу сыйлайтын ұлттық салттар.

Бұл дәстүрлер арқылы ұлкендер балаға ақ тілегін арнаап, болашағына сәттілік тілеген. Қане, сол иғі дәстүрлермен бірге танысайық!

## Тұсаукесер

Тұсаукесер – бұл қазақтың дәстүрлі салты, баланың алғаш рет «тәй-тәй» басып, жүре бастағанын тойлау рәсімі. Баланың екі аяғына ала жіп байлайды. Бұл жіп баланың жолын, жүрісін тұсаулайды, әрі қарай ұлкендер ала жіпті кесіп, баланы жүргізу арқылы алдындағы қындықтарды жеңіп, жақсы жүріп кетсін деген тілегін білдіреді.

Тұсаукесерді, әдетте, ақсақалдар, ұлкендер немесе құрметті адамдар өткізеді. Олар жіпті кесіп, баланың өмірі ашық, жолы болсын деп бата береді. Осы рәсімнен кейін бала еркін жүріп, қуанышпен өседі деп сенеді.

Бұл күні ән  
айтылып, би биленіп,  
сыйлықтар беріледі.  
Отбасы мен туыстар  
баланың қуанышына  
ортақтасады.



## Тілашар

Тілашар – баланың алғаш мектепке баруына арналған қуанышты дәстүр.

Бала алғаш қолына қалам ұстап, әріп танып, оқи бастайтын кезде ата-анасы «тілашар» жасап, жақындарына дастарқан жаяды. Үлкендер баланың оқуына сәттілік тілеп, осылай бата береді:



Таудай болсын талабың,  
Ашылсын тілің, қарағым.  
Оқу сіңіп санаңа,  
Жарқырай берсін қабагың.  
Мақтанышы бола біл,  
Атаң менен анаңның!

Бұл дәстүр баланың білім жолындағы алғашқы қадамын қуанышпен бастауына, баланың оқуға деген талпынысын арттыруына ниеттеніп жасалады.



Олар да бала болған...

Қадыр Финаятұлы Мырза Әлі – Қазақстанның халық жазушысы, туған жерге деген ыстық ықыласы мен махаббатын жырлап өткен атақты классик ақын.

## Қадыр Мырза Әлінің туғанына 90 жыл

Ол 1935 жылы 5 қаңтарда, Орал облысының Жымпіты кентінде туған. Бала кезінде жетім қалған Қадыр кедейліктің тауқыметін көріп өсken. Балалық шағынан бастап кітап оқуға қызығушылық танытып, кітапханадағы барлық кітаптарды қайта оқып шығып, көркем әдеби шығармалардың жаңа басылымдарын асыға күтетін болған.

Қадыр алғаш рет өлең жазуды 11 жасында бастаған.

Интернатта оқып жүргенде, ол достары туралы өлеңдер жаза бастайды. 1954 жылы жас ақын өлеңдерін республикалық «Пионер» журналында жарияладап, біртіндеп таныла бастайды. Содан 1959 жылы «Көктем» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарияланады.

Поэзия алыбы Қадыр Мырза Әлі көптеген поэзиялық жинақтардың, әдеби-сыни және балалар кітаптарының авторы.

# Қадыр Мырза Элінің өлеңдері

Піаш

“  
Балаларға  
базарлық

Күншығыстан нұр алып,  
Қалғып-мұлгіп жатты ну.  
Жусан желден ырғалып,  
Жасап кетті жаттығу.

Қырат-жота жондарын  
Күнге төсей қалыпты.  
Шөп те беті-қолдарын  
Шыққа жуып алыпты.

Көбелек жүр әуреде:  
Қонып жидек, мойылға.  
Күннің қызы сәуле де  
Кірісіпті ойынға...

Қырдан төмен ағып келем,  
Қыраудан гүл тағып келем.  
Қалтарыста қалт-қалт етіп,  
Кездескенді қағып келем.

Қырдан төмен зулап келем,  
Қос жанаарды сулап келем.  
Қанат болып желде етегім,  
Қар үстінде тулас келем.

Аяқ-қолым талып келем,  
Ауыл жаққа салып келем.  
Бір пар жаңа шаңғымды енді  
Екі пар ғып алып келем!

Қайтіп келем?



## ЖАСЫРАЙЫН...

Беттескен қос табақ,  
Ортасында бас тамак.  
Қоз бен шоқقا ораса,  
Дәм піседі тамаша.

Мұз сыңды түрі,  
Тәтті дәмнің бірі.

Аппақ қардай,  
Дәмі балдай.

Сылдыр сұйық, агады,  
Ақ болса да қар емес,  
Шешуін кім табады?

Сұйық еді аппақ,  
Бауырдай боп қатыпты,  
Ішсең дәмі тәтті ақ.

Әжем уыстап сыйып,  
Далада кептірген.  
Қатты әрі тәтті дәмін  
Кім бар жеп көрген?

Тобатайға құртымдай,  
Жаз бойы бір тынбай,  
Жинаған гүл сөлін.  
Не?  
Білсең, айтшы өзің?

Мұбәрәк  
Жаманбалинов

# ШАРАДАЛАР

Екі жағым «Н» болса,  
Қасиетті тамағыңмын.  
Екі жағым «А» болса,  
Ең қадірлі адамыңмын.



Екі әріптен құралыш,  
Жүруші едім мал болыш.  
Жалғанды да бір әріп,  
Шыға келдім шал болыш.



Айдалада жортыш жүрмін,  
Аңшылардан қорқыш жүрмін.  
Алдыма бір әріп қоссан,  
Бастауымын әрбір күннің.



Бастапқы әрпім «Қ» болса,  
Моп-момақан бір малмын.  
«Қ» орнына «Т» қойсан,  
Кызығы мол думанмын.



Дұрыс оқысан,  
Адамның бас киімі.  
Теріс оқысан,  
Хайуанның бүйімі.



# Сабаншы мысықтар

Жабайы мысықтардың ең кішкентай өкілдерінің бірі – сабаншы. Оның жұні мысық түқымдастарының арасындағы ең ұзыны. Сондай-ақ қалың, мамық болады.

Үлпілдек жұні ашық сұр, қоңырқай түсті, арқасында көлденең жіңішке 6-7 қара жолағы болады. Құлақтары өте кішкентай, самайында шоқша сақалы бар.

Ол шөл далада тіршілік етеді.

Інін жартас арасына салады, кейде ірі кеміргіштердің індерін де мекендейді.

# Жабайы мысықтар

Түрі өзіміздің кунделікті көріп жүрген мысықтарга ұқсаганымен, бұл – табигатта мекендейтін жабайы мысықтардың өкілдері.



Дене тұрқы  
52-65 см.  
Салмағы  
4-5 кг.

# Шағыл мысығы

Шағыл мысығының ерекшелігі – тұмсықтары үлкен. Құлақтары да үлкен болады.

Дене тұрқы  
40-52 см.  
Салмағы  
1,3-3,4 кг.

Шағыл мысығы Қазақстанның жануарлар әлемінде кездесетін саны аз, сирек түрі.

Арқасы мен бүйірі құм түстес сарғыш, денесінде айқын емес қара жолақтары болады. Табандарындағы тарақ тәрізді қалың қылышықтары олардың құмда еркін жүруіне мүмкіндік береді.

Бұл жыртқыш мысық Қызылқұм шөлінде және шығыс Каспий маңындағы құмды аймақтарда, Устірт қорығында мекендейді.

Екеуде ерекше қоргауга алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енген.



## Тазқара – тазалық құсы

Тазқара – сұңқар тәрізділер  
отрядына жататын, өте үлкен  
жыртқыш құс.

Тазқара деген атауына қарамастан,  
мойнының қауырсындары қара емес,  
сұр, қоңыр түсті. Тұмсығы сүйір, еңкейген.  
Құс мойнының бүйірлері мен артқы жағы  
қауырсынсыз келеді, мұнда терісі бозғылт  
қызғылт реңкке ие.

**Денесінің ұзындығы**  
**1 метрге жетеді.**  
**Қанатының өлшемі 85 см,**  
**ал салмағы 7-12 кг.**

Ғалымдар тазқара құсын әлемдегі ас  
қорыту жүйесі ең күшті тіршілік иесі  
дейді. Оның асқазаны, тіпті, ішке түскен  
темірді де қорытып жібереді екен.

Бұл құстың көру қабілеті жақсы болғаны  
соңшалық, олар 1 км-ден астам  
бііктікten жерде жерде жатқан жануардың  
дем алып жатқанын немесе дем  
алмағанын дәл анықтайды екен.

Тазқара «Тарбағатай»  
мемлекеттік ұлттық табиғи  
паркі аумағындағы  
Тарбағатай тауының биік  
шыңдарын мекен етеді.



**Эңгіме  
аұтуды  
үренеміз!**

Балага қысқа әңгіме оқып беріп, онымен сұрақ-жауап алмасу арқылы қайта әңгіме құрастырып айтуда баланың ой-өрісін дамытып, ауызша сөйлеуге үйретеді және сөздік қорын молайтуға ықпал етеді.

## Жасырынбак,

«1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10. Мен іздеймін!» деп, Балауса қатты дауыстап санап, достарын іздеуді бастады. Ол бір досын қалың емен агашиның артынан, екіншісін теректің артынан, үшіншісін гүлдердің артынан тапты. Енді Кәусар сіңлісі қайда?

Мен осында мын! Қараши, мен кімді тауып алдыым? – деді бұталардың арасынан шыққан Кәусар. Қараса, қолында кішкентай марғау бар екен. Ола янышты түрде жәйғана мияулайды. Балалар дереке марғауды үйіне апарып, сүт берді. Анасы да оны үйде қалдыруға рұқсат етті. Марғау сүт ішіп, әл жинаған соң аяғын тік басып жүре бастады. Балалар үшін бұл ең жақсы, есте қалатын жасырынбақ ойын болды.

### Қайталауға арналған көмекші сұрақтар:

1, 2, 3 ...

Балалар қандай ойын ойнады?

Онга дейін кім санады?

Балаусаның достары қайда тығылды?

Кәусар не тауып алды?



## АЙЫМ МЕН ТАЗА АЛАҢ

Айым кешкісін ойнауға сыртқа шықты. Ойын алаңшасына келгенде, ол жан-жақта шашылған қоқыстарды көрді. Шырын қораптары, кәмпитет қағаздары – бәрі жерде жатыр екен.



### ӘДЕПТІЛІК ЭЛІППЕСІ

Айым бір сәт ойланып тұрды да, бірден іске кірісті. Қолына дорба алып, қоқыстарды жинай бастады. Барлығын жақын түрған түркік жәшікке салды.

– Тазалық болған жерде деніміз де сау болады! – деді ол құлімдеп.

Мұны көрген Айымның достары да ұялышп, көмектесе бастады. Алаңша әп-сәтте тап-таза болып қалды.

Әдепті бала айналасын таза ұстайды!

## Кішіге қамқорлық

Әли мектептен қайтып келе жатып, кішкентай баланың жылап түрғанын көрді.

– Не болды? – деп, жанына келді.

– Үйімді таба алмай қалдым... – деді бала.

Әли баламен бірге жақын маңдағы дүкенге барып, сатушы апайдан көмек сұрады. Ақырында баланың ата-анасы табылып, балақай отбасымен қауышты.

– Рақмет саған, нағыз азамат екенсің! – деді анасы.

Нағыз әдел – жанашырлық пен қамқорлықта!





# «ЖОЛ СЕЛАГІСІ»

Ұстел ойынының ережесі

Бұл ұстел ойынын екі-төрт адамнан тұратын топ ойнай алады.

**Ойынның мақсаты:** балалардың жол белгілері, жол қозғалысы ережелері туралы білімдерін жетілдіру. Көшеде өз қауіпсіздігін қамтамасыз етіп үйренуіне баулу.

**Ойынның шарты:** Төмендегі сұрақтарға жауап беру.

**Қажетті заттар:** текше және ойыншыларға арналған фишкалар.

Ойыншылар текшени кезек-кезек лақтырып, әркім өз фишкасын стартқа тізіп, жүрісті бастайды.

Сұрақтардың барлығына дұрыс жауап беріп, мәреке алғаш болып жеткен ойынши жеңімпаз атанады.

- 1 Жаяу жүргінші деген кім?
- 2 Жаяу жүргіншілер жолы қалай аталады?
- 3 Мектептердің жаңында қандай жол белгісі орнатылады?
- 4 Автобустан аялдамаға түскен соң, жолдан қалай өту керек?
- 5 Бағдаршамның қызыл көзі жаңып тұрғанда, қандай көліктерге жүру рұқсат етіледі?
- 6 Бағдаршам жоқ жерде көшеден қалай өтеміз?



Бұл  
қандай  
белгі?

10

11



14

13

16

17



20



18

22

23

24



28



30

Мәрс


2

1

Старт

Бұл  
қандай  
белгі?

19



# Суда жүзудің пайдасы мен

Балалар, асыға күткен жаз мезгілі келді!

Жазғы күнде суга шомылу – көңіл көтеріп, денемізді сауықтыратын тамаша әдіс. Бірақ суда жүзу кезінде әрдайым қауіпсіздік ережелерін сақтау өте маңызды. Ендеше суда жүзудің пайдасы мен ондағы қауіпсіздік ережелерін бірге оқып білейік!



**Суда жүзудің  
пайдасы:**



**Жүрек пен өкпені нығайтады;**



**Тыныс алуды жақсартады;**



**Дене икемділігін арттырады;**



**Бұлшық еттің дұрыс өсіп,  
дамуына көмектеседі;**



**Ағзаны сергітіп,  
көңіл-күйді көтереді.**



# Қауіпсіздік ережелері



Абай бол,  
балақай!

Суда жалғыз жүзуге  
болмайды, әрқашан  
жанында ересек адам  
бірге болсын.

Суға (бассейн, өзен, көл)  
тек ата-анаңмен бірге бару керек.

Су ішінде шаршасан,  
судан шығып демалып алу қажет.

Тамақтан кейін бірден  
суда жүзбе, кемінде  
30 минут күткенің жөн.

Тым қатты ыстықтап  
тұрғанда, суға тұспегенің  
аұрыс.

Судың тым терең  
бөлігіне барма, әсіресе,  
егер жүзуді  
жақсы білмесең.

Сақтық үшін суға түсерде  
қолыңа немесе мойныңа  
арнайы үрлемелі баллон киіп ал.  
Олар сені суға батудан  
қорғайды, сенімді әрі қауіпсіз  
етеді.

Есте сақта!

Суда шомылу тек көңіл көтеру  
емес, денсаулықты жақсартудың  
тамаша жолы. Ал ережені сақтау –  
сенің амандығыңың кепілі.

Сондықтан, балақай,

әрдайым сақ бол!

Судагы серуенің шаттыққа, жазғы  
демалысың қызыққа толы болсын!

## ГҮЛДІ ЖҰЛМА, БОТАМ!



Бір күні әжем:

- Жүре ғой, ботам, жалбыз теріп келейік, – деді.
- Жалбыз деген немене?! – деп таңырқай қалдым.
- Ол – дәрі жасайтын өсімдік. Көлдің маңайындағы ойпанда өседі. Барған соң көресің.



Әжем айтқан жерге келдік. Жалбызды маған

көрсетіп, өзі тере бастады. Менің көзім жайқалып тұрған түрлі түсті гүлдерге түсті. Қызығып кеттім де, бір-бірлеп үзіп, тере бастадым.

Әжем көріп:

- Гүлді, көкті жұлмайды, балам! Солып қалады. Қатыгездікке барма, жаным! – деді.


Мен мән бермей, гүлді тере бердім. Бір кезде әжем қасыма келді. Ұысымдағы гүлдерді қолына алып, сабағынан тамып тұрған тамшыны көрсетті:

- Міне, көремісің, гүлдер жылап тұр ғой, – деді.
  - «Біздің қандай жазығымыз бар? Неге тиесің?»
- деп, жылап тұрғандай көрініп кетті маған. Мен гүлдерді аяп кеттім. Жұлғаныма өкініп тұрдым.




*Суреттегі құстың  
қимылын суреттеп  
айттып бер.*

**Мысалы, құс  
қораптың ішінде**



**Құс жерден  
жоғары үшты**



**Жүккөр  
ОУ**



# Біздің мақтандышымыз

## Жаннүр - білім мен өнердің жүлдөзы



Киелі Түркістан қаласында 2018 жылы 1 ақпанда дүниеге келген кішкентай ғана Жаннүр бүгінде өзінің үлкен жетістіктерімен қатарластарына үлгі болып отыр. Али Жаннүр Сұлтанғалиқызы № 34 «Жайлыш мектептің» 1 сыныбын сәтті аяқтап отыр. Мектеп табалдырығын аттаған сәттен бастап, Жаннүр өзінің білімді, өнерлі, алғыр оқушы екенін көрсете білді.

2024 жылдың қараша айында М.Шоқай атындағы № 24 мектепте өткен бастауыш сыншып апталығы аясында ерекше білімімен, шығармашылық қабілетімен көзге түсіп, алғыс хатпен марапатталды.

Жаннүрдің сүйікті пәні – ана тілі мен сурет сабагы. Бос уақытында би билеп, сурет салып, шығармашылықпен айналысқанды үнатады.

Жаннүр 2022 жылдан бастап Түркістан қаласындағы «Оқушылар сарайының» гимнастика би үйірмесіне тұрақты қатысып келеді. Бұл сүйікті ісі оған үлкен шығармашылық марапаттар алып келді.

### Жаннүрдің жетістіктері:

- 2024 жылы Шымкент қаласында өткен «Altyn Arai» және «I Love Dance» байқауларының, Тран-при иегері;
- 2025 жылы Піркістан қаласында өткен халықаралық, байқауын, Тран-при иегері;
- 2025 жылы Ташкент қаласында үйымдастырылған, «Узоры Азии» халықаралық, би фестивалінің, Тран-при иегері.



Али Жаннүр – өзінің кішкентай жүргегіне үлкен армандарды сыйдырған, білім мен өнерге құштар бұлдіршін. Оның балалық шағы – шығармашылықтың, ізденіс пен еңбектің жарқын көрінісі. Болашақта Жаннүрдің ел намысын қоргайтын, әлемдік жұлдыз боларына сеніміміз мол!

# ЖАС СҮРЕТШІЛЕРДІҢ ГАЛЕРЕЯСЫ



Дария Марат,  
Шымкент қаласы,  
«Хадия» балабақшасының  
тәрбиеленушісі.



Ясина Сейдахан,  
Шымкент қаласы,  
№11 «Аружан» бөбекжай-  
бақшасының тәрбиеленушісі.




Малика Өтеулина,  
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы,  
№12 бөбекжай-бақшасының  
тәрбиеленушісі.



Айсәule Отарбай,  
5 жаста,  
Ақтау қаласы.



# Сүрет салып түрөн!





1

22

2

3

4



22


5

6

Бұл не?



# Боямак



Суретті боя!



**Сен блескін**

Көбелектер  
өсімдіктердің  
дәмін кішкентай  
аяқтарымен  
сезеді.




Ұлулар үш жыл бойы  
тамақ ішпей ұйықтай  
алады.



Жолбарыстың түктөрі  
ғана емес, терісі де  
жолақты екен.



Бұланның мүйіздері  
ете сезімтал болғаны соншалық, тіпті,  
шыбынның қонғанын да сезеді екен.



Шын мәнінде,  
ақ аюдың  
түктөрі түссіз,  
ал терісі қара  
болады.


Кенгуру секіргенде,  
12 метр қашықтықты  
бағындыра алады.



**Бақа суда тіршілік  
етсе де су ішпейді,  
бірақ суды терісіне  
сіңіреді.**



**Фалымдар  
кішкентай ғана  
квокканы  
ең бақытты жануар  
деп санайды екен,  
өйткені ол үнемі  
куліп жүреді.**



**Тотықұс пен  
қоян бастарын  
бұрмай-ақ,  
артындағыны  
сезе алады.**




**Әтештің есте сақтау қабілеті жақсы  
дамыған. Ол өзінің иесін және  
100-ге жуық адамның бет-әлпетін,  
тіпті, бірге тұратын  
үй жануарларын да  
тани алады.**



**Чау чау – тілі қызылт түсті  
емес жалғыз ит түрі,  
өйткені оның тілі күлгін түсті.**



**Сусиыр  
өте үлкен  
және ебедейсіз  
болып көрінеді, бірақ  
ол сағатына 35 шақырым  
жылдамдықпен жүгіре алады.  
Салмағы шамамен 1800 килограмға  
дейін жететін сусиыр жүгіргендеге,  
жақын маңдағы су қоймасына  
барар жолдағы барлық тіршілікті бұзып өтеді.**





*Эңші*

*баянан*

## ҚҰЫРШАҒЫМ

Әнін жазған:  
Файния Дауылбаева

Өлеңін жазған:  
Сұлушаш Сұлтанова

Куыршағым қазақша  
Ән айтуды біледі.  
Үргағымен әнінің  
Үргалып ол жүреді.

**Қайырмасы:**

Жарасымды сәні де,  
Жарасымды әні де.  
Менің қуыршағымда  
Қызығады бәрі де.

Қызыл қамзол кигені,  
Ақ көйлегі бүрмелі.  
Әнші қуыршағымды  
Тастамаймын бір елі.

**Қайырмасы:**

Тамылжытып ән салар,  
Куыршағым, балалар.  
Тамашаға тамсанып,  
Көрген адам таң қалар.


**Қайырмасы:**



## Көңілді.



4  
Ыр - га - фы - мен э - ні - нің, Ыр - га - лып ол\_\_\_\_\_ жү - ре - ді.  
8  
Қайырмасы:



12  
Ме - нің қу - ыр - ша - фы - ма, Кы - зы - га - ды\_\_\_\_\_ бә - рі - де.





Жер-сү атаулары  
туралы ақыздар

## “САНТАС” ТАУЫ

Алатаудың Жонғар Алатауы бөлігінде «Сантас» деп аталатын өте қолайлы асу бар. Осы асу арқылы ертеде халық таудың арғы бетіне барып-келіп отырған. Міне, осы таудың «Сантас» деп аталу себебін саяхатшы Шоқан Уәлиханов өз күнделігінде былай деп жазады:

«Сантас» атауы Ақсақ Темірдің кезінен қалған деседі. Әрбір жорыққа шығар алдында Ақсақ Темір хан өзінің әрбір жауынгеріне қолдарына бір тас алып, осы өнірден өтерде үйіп қоюды бүйірған. Ал жорықтан келе жатқан кезде, оның жауынгерлері сол үйілген тастардан бір тас алып кететін болған. Сонда Ақсақ Темір қалған үйінді тасқа қарап, сол жорықта қанша жауынгерден айырылғанын билетін болған.

Сол үйінділер кейінірек бірігіп асуға айналып, ал халық оның көп тастарына қарап, «Сантас» деп айтатын болған.



Үйге  
адаспай баратын,  
дүрүс жолды көрсет.

ОЙЛАҢ, ТАП!



Көңілді математика

Суретке мұқият қара!  
Қанша шеңбер, үшбұрыш,  
тіктөртбұрыш және  
шаршы барын сана.






# Қағаздан Көбелек жасау

Ол үшін:

- түрлі-түсті қағаз;
- калам;
- қайышы

қажет




Осылай  
көбелек дайын!

Жасалу жолы:

Көбелекті өзіңе ұнаған кез келген түрлі-түсті қағаздан жасауға болады.

- Содан соң жоғарыдағы көрсетілген үлгілер бойынша қағазды бүктейміз.

Әрі қарай көбелекті безендіріп, бояймыз.



Мына бөлшектерді  
қайшымен қып алып,  
төменде көрсетілген нұсқадағыдан  
жабыстыр.

Оу мен қол еңбекті  
ұштастыра білеік!



**Қандау көркем - тұған өлкем!**

**Бұл –  
Рахман қаýнары.  
Шығыс Қазақстан облысы,  
Қатонқарағай үлттық  
табиғи паркінің аумағында  
орналасқан.**

